



БҰЙРЫҚ

SPK TURKISTAN

ПРИКАЗ

Түркістан қаласы

город Туркестан

2024 « 30 » 05 № 36-0

**«Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ  
(бұдан әрі-Қоғам) сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмысшы топ құрамы бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін.
3. Жұмысшы топтың міндетіне:
  - 1) Қоғам қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
  - 2) 2024 жылғы 17 мамыры мен 28 маусымын қоса алғанда Қоғамның ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Негіздеме: 2024 жылғы 29 мамырдағы тәуекелдерді басқару қызметінің тәуекел-офицері Б.Корганбековтың қызметтік хаты.*

Басқарма төрағасының м.а.

Исахов А.И.

000761

2024 жылғы « 30 » 05  
№ 36-П бұйрыққа  
№1 қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша  
жұмысшы топтың құрамы**

**Жұмыс тобының төрағасы:**

Корганбеков Болат  
Темирханович

- Тәуекелдерді басқару  
қызметінің тәуекел-офицері;

**Жұмыс тобының мүшелері:**

Исахов Асланбек  
Илесбаевич

- Инвестициялық жобалар  
жөніндегі басқарушы  
директор;

Әлі Бағлан  
Қоңырбайұлы

- Құқықтқ сүйемелеу және сот-  
наразылық жұмысы  
департаментінің директоры.

2024 жылғы « 30 » 05  
№ 36-0 бұйрыққа  
№2 қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша  
іс-шара жоспары**

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар	Аяқталу нысаны
1	«Түркістан» ӘКК» АҚ барлық құрылымдық бөлімдеріне қатысты ішкі талдау ұйымдастыру	17.05.2024-28.06.2024ж	Жұмысшы топ мүшелері	анықтама
2	«Түркістан» ӘКК» АҚ барлық құрылымдық бөлімдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша анықтама ұсыну.	17.06.2024-21.06.2024ж	Жұмысшы топ мүшелері	анықтама
3	«Түркістан» ӘКК» АҚ барлық құрылымдық бөлімдеріне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысын жария талқылау.	08.07.2024-11.07.2024ж	Жұмысшы топ мүшелері	сілтеме



БҮЙРЫҚ

SPK TURKISTAN

ПРИКАЗ

Түркістан қаласы

город Туркестан

2024 30 05 № 36-17

**О проведении внутреннего анализа коррупционных рисков  
в АО «Социально-предпринимательская корпорация «Туркестан»  
(далее – Общество)**

В соответствии с пунктом 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года № 410-V ЗРК и Типовыми правилами проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденного приказом председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции от 16 февраля 2023 года №21, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить состав рабочей группы для проведения внутреннего анализа коррупционных рисков согласно приложению №1 к настоящему приказу.
2. В соответствии с приложением № 2 к настоящему приказу утвердить план мероприятий по внутреннему анализу коррупционных рисков.
3. Задачей рабочей группы является:
  - 1) выявление коррупционных рисков в нормативных правовых актах затрагивающих деятельность Общества;
  - 2) выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности Общества за период с 17 мая по 28 июня 2024 года включительно.
4. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

*Основание: служебная записка риск-оффисера Службы управления рисками Б.Корганбекова от 29 мая 2024 года.*

И.о.председателя Правления

Исаев А.И.

000760

Приложение №1 к  
приказу № 36-П  
от « 30 » 05 2024 года

**Состав рабочей группы для проведения внутреннего  
анализа коррупционных рисков**

**Председатель рабочей группы:**

Корганбеков Болат  
Темирханович

- Риск-офицер Службы  
управления рисками;

**Члены рабочей группы:**

Исахов Асланбек  
Илесбаевич

- Управляющий директор по  
инвестиционным проектам;

Әлі Бағлан  
Қоңырбайұлы

- Директор департамента  
правового сопровождения и  
судебно-претензионной  
работы.

Приложение №2 к  
приказу № 36-17  
от «30» 05 2024 года

### План мероприятий по внутреннему анализу коррупционных рисков

№	Наименование мероприятия	Сроки исполнения	Ответственные лица	Форма завершения
1	Организация внутреннего анализа всех структурных подразделений АО «СПК «Туркестан».	17.05.2024-28.06.2024г	члены рабочей группы	справка
2	Предоставление отчета по результатам внутреннего анализа всем структурным подразделениям АО «СПК «Туркестан».	17.06.2024-21.06.2024г	члены рабочей группы	справка
3	Публичное обсуждение результатов внутреннего анализа коррупционных рисков во всех структурных подразделениях АО «СПК» Туркестан.	08.07.2024-11.07.2024г	члены рабочей группы	ссылка

Исмаилов Г.Е.



АК ТҮРКІСТАН

«Түркістан» ӘКК» АҚ

Қызметтік хат

кімге: Басқарма төрағасының м.а. А.И.Исаховқа

кімнен: Б.Т.Корганбековтен

Түркістан к.

29.05.2024 ж.

**тақырып:** Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 8 бабы, 5 тармағы және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығы шеңберінде Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға бағытталған жұмысшы топтың құрамын бекіту және 17.05.2024ж.-28.06.2024ж. ішкі талдау жұмыстарын ұйымдастыру кезеңі деп тану туралы бұйрықты бекітуге тапсырма беруіңізді сұраймын.

Тәуекел-офицер

Корганбеков Б.Т.